

**ӘЖЕТХАНАҒА КІРЕРДЕ  
АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА**

اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْخُبَاثِ وَالْخَبَائِثِ

Оқылуы:

“Аллаһуммә иннии әбуузубикә  
минәль хубіси уәл хобәә-ис”

Мағынасы:

“ Уа, Аллах! Жын-шайтанның кесапаттарынан  
және барша жамандықтардан Өзіңе сиынамын.  
Мені олардан қорғай гөр”.

**ӘЖЕТХАНАДАН ШЫҒАРДА  
АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА**

الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي أَذْهَبَ عَنِّي الْأَدَىٰ وَ عَاقَانِي

Оқылуы:

“Әльхамдулилләһилләзии  
әзһәбә ғанниль әзәә уә ғаәфәәнии”

Мағынасы:

“Жанымды азаптайтын қиыншылықтан құтқарып,  
маған амандық пен саулық берген  
Аллаһ тағалаға мадақ болғай”.





## ҮЙГЕ КІРГЕНДЕ АЙТЫЛАТЫН ДУҒА

لَلّٰهِ وَ لَجْنَا وَ بِسْمِ اللّٰهِ خَرَجْنَا  
وَ عَلٰى رَبِّنَا تَوَكَّلْنَا

Оқылуы:

“Бисмилләәһи уәләджинәә, уә бисмилләәһи  
хороджінәә, уә ʔаләә роббинәә тәуәккәлнәә”

Мағынасы:

“Алланың атымен кірдік, Алланың атымен шықтық  
жаратушы иемізге тәуекел еттік”.

(Осыны айтқан соң үйдегілерге сәлем беру керек)

مَجْلَد

اللَّهِ

ҮЙДЕН ШЫҒАРДА  
АЙТЫЛАТЫН ДУҒА

لِلَّهِ تَوَكَّلْتُ عَلَى اللَّهِ

وَلَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ

Оқылуы:

“Бисмилләһи, тәуәккәлту ʔаләлләһи,  
уә ләә хәулә уә ләә қууәтә илләә билләһ”

Мағынасы:

“Алланың атымен, Аллаға тәуекел еттім.

Алланың күш-қуатынан асатын ешбір қуат та, күш те жоқ”.





## АС ІШЕРДЕ АЙТЫЛАТЫН ДУҒА

اللَّهُمَّ بَارِكْ لَنَا فِيْمَا رَزَقْتَنَا  
وَ قِنَا عَذَابَ النَّارِ بِسْمِ اللَّهِ

Оқылуы:

“Аллаһуммә бәәрик ләнәә фиимәә розақтәнәә  
уә қинәә ʔазәәбәннаар, бисмилләһи”

Мағынасы:

“Аллаһым! Бізге берген ризық-несібелеріңе береке бер және бізді от азабынан сақтай гөр! Аллаһтың есімімен!”.





# ҰЙҚЫҒА ЖАТҚАНДА АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА

اللَّهُمَّ بِاسْمِكَ أَمُوتُ وَ أَحْيَا

Оқылуы:

“Аллаһуммә бисмикә әмууту уә әх-иәә”

Мағынасы:

“Аллаһым! Тек Сенің есіміңмен өлеміз және тірілеміз”.



ҰЙҚЫДАН ТҰРҒАНДА  
АЙТЫЛАТЫН ДУҒА

لِلّٰهِ الَّذِي أَحْيَانَا بَعْدَ  
مَا أَمَاتَنَا وَإِلَيْهِ النُّشُورُ

Оқылуы:

“Әлхамдулилләһилләзии әх-иәәнәә  
бәъдә мәә әмәәтәнәә уә иләйһин-нушуур”

Мағынасы:

“Өлгеннен кейін қайта тірілткен Аллаһқа мадақ болғай!  
Өлгеннен кейін қайта тірілуіміз тек оған ғана тән”



مَجَلَّة

اللَّهِ

ТАМАҚТАҢҒАННАН СОҢ

الْحَمْدُ

لَهُ الَّذِي أَطْعَمَنِي هَذَا،  
وَرَزَقَنِيهِ، مِنْ غَيْرِ حَوْلٍ مِنِّي وَ لَا قُوَّةٍ

Оқылуы:

“Әлхамдулилләһилләззи әтоъамәний һәзә, уә  
разәқанийһи мин ғойри хәулим минни уә ләә қууәһ ”

Мағынасы:

“Мен өзім ешқандай күш-қуатқа ие болмасам да,  
мені тамақтандырып, ризықтандырған  
Аллаға мақтаулар болсын ”.